Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 24 мамыр №7119-24-00-2/5507 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Жанбасын М.М.» жеке кәсіпкері атынан әрекет етүші Жанбасын Мади Маратович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот
ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жаупакер «Жанбасын М.М.» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Жанбасын М.М.» жеке кәсіпкері атынан әрекет етүші Жанбасын Мади Маратович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жаупкер «Жанбасын М.М.» жеке кәсіпкері атынан әрекет етүші Жанбасын Мади Маратович мемлекет кірісіне 5736 (бес мың жеті жүз отыз

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 24.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 01.07.2024, судья Баймурзина А. А., 10.07.2024
7119-24-3-1/4932

алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 2018 (екі мың он сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 24.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.07.2024, судья Баймурзина А. А., 10.07.2024

7119-24-3-1/4932